

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік.

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Орал қаласы бюджетінің 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Орал қаласы бюджетінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің анықтығы мен негізділігін анықтау.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: «Орал қаласының қаржы бөлімі» ММ (*әрі қарай-қаржы бөлімі*), үстеме тексерулер: «Орал қаласының құрылыс бөлімі» ММ (*әрі қарай-құрылыс бөлімі*), «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ (*әрі қарай-жұмыспен қамту бөлімі*).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2021 жылдың 1 қаңтарынан - 31 желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің (*әрі қарай-Бюджет кодексі*) 118 бабы 1 тармағына сәйкес, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға міндетті.

Бюджет Кодексінің 120-2 бабының 1 және 2 тармақтарына сәйкес, Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар тиісті қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстан, қаржы қызметінің нәтижелері туралы есептен, таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есептен, ақша қозғалысы туралы есептен, түсіндірме жазбадан тұратын облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды. Бюджет түсімдері облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көрсетіледі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 11 шілдедегі № 90-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап, Бюджеттік Кодекс 120-3 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау» бабымен толықтырылатын болады. Аталған бапқа сәйкес, (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктер дайындалатын болады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар

әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларының 12 тармағына сәйкес, жергілікті бюджеттер бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілік (*әрі қарай - ШҚЕ*) талдамалық мақсаттарда және мемлекеттік бюджет бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында қалыптастырылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің (*әрі қарай - ББӘ*) және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның қаржылық есептілікті жасауы және бухгалтерлік есепті жүргізуі төмендегі нормативтік құқықтық актілермен регламенттелген:

- Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидалары (*әрі қарай- №640 қағидалар*);
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидалары (*әрі қарай- №630 қағидалар*);
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары (*әрі қарай - №393 қағидалар*);
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспары (*әрі қарай - №281 бұйрық*);
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидалары (*әрі қарай - №468 бұйрық*).

Бюджет Кодексінің 131 бабына сәйкес, Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей есепті қаржы жылындағы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен бірге әкімдікке, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына ұсынады.

Орал қаласы бюджетінің 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру 19 жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілігін шоғырландыру арқылы жүзеге асырылады, өз кезегінде олардың қаржылық есептіліктеріне 7 ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекеме кіреді.

Қаржы бөлімі қалыптастырып, аудитке ұсынған Орал қаласының 2021 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізгі көрсеткіштері №1 кестеде келтірілген.

**Орал қаласының 2021 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы жылдық
шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізгі көрсеткіштері**

мың теңге

Көрсеткіштің атауы	Есепті кезеңнің басында	Есепті кезеңнің соңында
I. Қысқа мерзімді активтер	8 122 988,6	4 981 953,3
II. Ұзақ мерзімді активтер	130 135 161,4	149 546 937,7
БАЛАНС	138 258 150,0	154 528 891,0
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер	9 630 827,4	11 098 683,5
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	33 254 419,3	34 013 782,0
V. Таза активтер/капитал	95 372 903,3	109 416 425,5
БАЛАНС	138 258 150,0	154 528 891,0

Жалпы алғанда, Орал қаласының 2021 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің активтері 16 270 741,0 мың теңгеге (немесе 10,5 %) көбейіп, жыл қорытындысы бойынша 154 528 891,0 мың теңгені құраған (баланс валютасы), оның ішінде қысқа мерзімді активтер - 4 981 953,3 мың теңге және ұзақ мерзімді активтер - 149 546 937,7 мың теңге.

Бұл ретте, 2021 жылы таза активтер/капитал үлесі 69,0 пайыздан 70,8 пайызға дейін өсіп, жыл қорытындысы бойынша 109 416 425,5 мың теңгені құраған, 14 043 522,2 мың теңгеге көбейген.

Сонымен қатар, Орал қаласының 2021 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің міндеттемелер көлемі де 2 227 218,8 мың теңгеге (немесе 5 %) өсіп, жыл қорытындысы бойынша 45 112 465,5 мың теңгені құрады, оның ішінде қысқа мерзімді міндеттемелер - 11 098 683,5 мың теңге және ұзақ мерзімді міндеттемелер 34 013 782,0 мың теңге.

Сол себептен, біздің ойымызша 2021 жылы, қала бюджетінің атқарылуы барысында қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелерлердің өсуінде теріс динамика орын алған.

Сондай-ақ, аудит нәтижесі көрсеткендей, Орал қаласының 2021 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілінде елеулі бұрмалаулар орын алған.

Бұл аудит, Қаржы бөлімі ұсынған материалдар, соның ішінде жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есептіліктері, сондай-ақ Құрылыс бөлімі және Жұмыспен қамту бөлімдерінде жүргізілген үстеме тексеру барысында жинақталған материалдар негізінде жасақталды. Үстеме тексерулер ең қаржылық маңызы бар бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінде жүргізілді.

**2021 жыл аяғына ең қаржылық маңызы бар бюджеттік бағдарламалар
әкімшілері**

мың теңге

№	Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері	Бақылау көрсеткіші: активтер	Шоғырландырылған қаржы есептілігіндегі үлесі	Бақылау көрсеткіші: міндеттемелер	Шоғырландырылған қаржы есептілігіндегі үлесі
1	«Орал қаласының қаржы бөлімі» ММ	12 283 964,7	7,95 %	44 942 172,6	99,62 %
2	«Орал қаласының құрылыс бөлімі» ММ	36 491 076,1	23,61 %	63 442,2	0,14 %
3	«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ	193 359,1	0,12 %	0,6	0,0 %
4	Басқалар	105 560 491,1	68,32 %	106 850,1	0,24 %
Барлығы:		154 528 891,0	100,0 %	45 112 465,5	100,0 %

№2 кестеден көрінгендей, аудитпен шоғырландырылған қаржылық есептілікте активтер үлесі 31,68%, ал міндеттемелер үлесі 99,76% құрайтын ББӨ қамтылды. Бұған қоса, аудитпен басқа да ББӨ қаржылық есептіліктері қамтылды.

Аудит барысында анықталғандай, Орал қаласының 2021 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліне 19 ББӨ шоғырландырылған қаржылық есептіліктері кіреді, өз кезегінде олардың ішіне ведомстволық бағынысты 7 мемлекеттік мекемелер кіреді.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде 32 865 457,3 мың теңгені құрайтын Қазақстан Республикасы заңнама талаптарының сақталмағандығы анықталды, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 32 865 457,3 мың теңге. Сондай-ақ 10 рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен 1 кемшілік анықталды.

Анықталған бұзушылықтар төмендегідей сипатта:

«Орал қаласының қаржы бөлімі» ММ

Орал қаласының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №2540 қаулысымен «Жайықжылукуат» АҚ жарғылық капиталы 22 420 068,4 мың теңгеге ұлғайтылған, сондай-ақ 2021 жылғы 23 желтоқсандағы №3034 қаулысымен «Батыс су арнасы» ЖШС жарғылық капиталы 10 308 518,0 мың теңгеге ұлғайтылған. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар тізілімінің мәліметіне сәйкес, «Жайықжылукуат» АҚ меншік иесі «Орал қаласының қаржы бөлімі» ММ-сі, ал «Батыс су арнасы» ЖШС меншік иесі болып «Орал қаласы әкімінің аппараты» ММ-сі табылады. Аталған ұйымдардың мемлекеттік басқару органы «Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылық көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-і болып табылады. Алайда, осы инвестициялар Орал қаласы бюджетінің 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің 110 «Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар» жолында көрсетілмеген.

1-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 4 және 88-1 тармақтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 27 тармағы бұзылып, Орал қаласының шоғырландырылған қаржылық есептілігінің 110 «Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары» жолында жалпы сомасы **32 728 586,5 мың теңгені** құрайтын «Батыс Су арнасы» ЖШС және «Жайықжылукуат» АҚ-ғы мемлекеттің қатысу үлестері ескерілмеген.

2-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 3 тармағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларының 17 тармағы бұзылып, Орал қаласының құрылыс бөлімі көрсеткіштерді түзету кезінде 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне түзету күнін көрсете отырып, қаржылық есептілікке қол қойған тұлғалар растаған тиісті жазбалар жасамаған.

«Орал қаласының құрылыс бөлімі» ММ

3-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 14 тармағы бұзылып, бас бухгалтер атқаратын лауазымынан босатылған (жұмыстан шығарылған, басқа жұмысқа тағайындалған, ауыстырылған) кезде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалған бас бухгалтерге, ал соңғысы болмаған кезде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен тағайындалған қызметкерге істерді тапсыру жүргізілмеген.

Аудитке ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшасын бақылау шотына қосымша түрінде талдамалық есеп кестесі ұсынылған. Ұсынылған кестені талдау кезінде кезең басында төрт мердігер бойынша «-» 1 818,3 мың теңге белгісімен мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомалары бар екендігі анықталды, бұл ретте бастапқы және соңғы сальдо №5-20 нысандағы қолма-қол ақшаны бақылау шотының үзінді көшірмесімен сәйкес келеді.

4-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» №234 Заңының 6 бабы 3 тармағы 1) тармақшасы бұзылып, «-1 818,3 мың теңге» сомасына операциялар бастапқы құжаттардың түпнұсқаларына сайма-сай келмейді.

Сондай-ақ, аудит барысында аталған кестеде 2014 жылғы 22 тамыздағы №73 келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде «Киреев Кайрат» (ЖСН 811127300111) 12,9 мың теңгені енгізгендігі анықталды. Алайда, ҚР ҚМ МКК «Салық төлеушіні іздеу» ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерге сәйкес, аталған жеке кәсіпкер 2020 жылғы 5 ақпанда есептен шығарылған.

5-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» №234 Заңының 4 бабында көзделген қаржылық есептіліктің мүдделі тұлғаларды ұйымдардың қаржылық жағдайы туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету мақсаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 33 тармағында көзделген қаржылық есептіліктің «орындылық» сапалық сипаттамасы орындалмаған, нәтижесінде қаржылық есептілік оқиғаларды бағалауға, олардың өткен бағаларын растауға немесе түзетуге көмектеспейді.

Қаржылық есептіліктің 014 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» жолында есепті кезеңнің басында да соңында да 0,0 теңге көрсетілген. Алайда, «Басты-журнал» кітабында 1231 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» шотында есепті кезеңнің басында да соңында да 74 803,3 мың теңге көрсетілген. Аталған сома, мердігерлердің мерзімі 1 жылдан асатын қарыздарына байланысты пайда болған, сол себептен бұл сома 2200 «Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек» шотында көрсетілуі тиіс.

6-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының 9 және 15 тармақтары бұзылып, активтерді есепке алу шоттары дұрыс жүргізілмеген.

Аудит барысында анықталғандай, 2020-2021 жылдар аяғында Қорларға тауарлық-материалдық құндылықтардың іс жүзінде болуын (бензинге төленген талондар) оларды міндетті түрде қайта есептеу арқылы түгендеу жүргізілмеген. Сондай-ақ, бастапқы құны 42 123,5 мың теңгені құрайтын негізгі құралдардан басқа, Қорларға, Дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысуларға түгендеу жүргізілмеген, түгендеу тізімдемесі (салыстыру ведомості) толтырылмаған.

7-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидалары 4 тармағының 6) және 13) тармақшалары бұзылып, Орал қаласының құрылыс бөлімінде тек негізгі құралдарға ғана түгендеу жүргізіліп, қорларға, дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысуларға түгендеу жүргізілмеген.

2021 жылы дебиторлармен есеп айырысуға түгендеу жүргізілмеу салдарынан, таратылған борышкерлердің дебиторлық берешегін есептен шығару жүргізілмегендігі анықталды.

8-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидалары 4 тармағының 13) тармақшасы бұзылып, Орал қаласының құрылыс бөлімінде дебиторлармен есеп айырысуларға түгендеу жүргізілмеген.

Қаржылық есептіліктің 113 «Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек» жолында есепті кезеңнің басында да соңында да 74 803,3 мың теңге көрсетілген.

Аталған сома «Басты-журнал» кітабындағы, сондай-ақ 6-мемориалды ордердегі жазулармен дәлелденеді.

Аудит барысында анықталғандай аталған сома 4 (төрт) дебиторларға тиесілі: «Мариал» ӨК -2 969,6 мың теңге, «Гульден сервис LTD» ЖШС -34 516,1 мың теңге, «СПП «Металлоизделия» ЖШС -913,2 мың теңге (Құрылыс бөлімі «СПП «Металлоизделия» ЖШС-ң банкроттық басқарушысына жазған 2016 жылғы 19 шілдедегі №1-2/993 хатында және оған келген 2016 жылғы 2 тамыздағы №30 жауап хатында 323,6 мың теңгеге талап қойылған, алайда 6-мемориалды ордерде «СПП «Металлоизделия» ЖШС дебиторлық берешегі 913,2 мың теңге деп көрсетілген), сондай-ақ «Спецгазремстрой» ЖШС -36 404,4 мың теңге. Алайда, ҚР ҚМ МКК «Салық төлеушіні іздеу» ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерге сәйкес, аталған дебиторлардың 3 (үшеуі) есептен шығарылып, таратылған («Мариал» ӨК 2018 жылғы 22 қарашада, «Гульден сервис LTD» ЖШС 2021 жылғы 10 қарашада, «СПП «Металлоизделия» ЖШС 2021 жылғы 29 қазанда. Бұл ретте, «Спецгазремстрой» ЖШС дебитор екендігін дәлелдейтін еш бір құжаттар ұсынылмағандың атап өткен жөн.

9-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» №234 Заңының 4 бабында көзделген қаржылық есептіліктің мүдделі тұлғаларды ұйымдардың қаржылық жағдайы туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету мақсаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 33 тармағында көзделген қаржылық есептіліктің «орындылық» сапалық сипаттамасы орындалмаған, нәтижесінде қаржылық есептілік оқиғаларды бағалауға, олардың өткен бағаларын растауға немесе түзетуге көмектеспейді. Нәтижесінде, 2021 жылғы қаржылық есептіліктің **38 398,9 мың теңгеге** бұрмалануына әкеліп соқты.

Қаржылық есептіліктің 114 «Негізгі құралдар» жолында есепті кезеңнің басында 12 275 011,8 мың теңге, ал есепті кезеңнің соңында 12 267 739,8 мың теңге көрсетілген. Алайда, «Басты-журнал» кітабында есепті кезеңнің басында 42 123,5 мың теңге, ал есепті кезеңнің соңында 41 453,1 мың теңге көрсетілген.

Сонымен қатар, қаржылық есептіліктің 115 «Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар» жолында есепті кезеңнің басында 21 855 959,1 мың теңге, ал есепті кезеңнің соңында 23 829 613,4 мың теңге көрсетілген. Алайда, аталған сомалар «Басты-журнал» кітабындағы, сондай-ақ 6-мемориалды ордердегі жазулармен сәйкес келмейді. Бухгалтерлік есеп бойынша 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шотында есепті кезеңнің басында 12 898 347,3 мың теңге, ал есепті кезеңнің соңында 14 872 001,6 мың теңге көрсетілген. Аталған сомалар Орал қаласы қаржы бөлімінің бұйрықтарымен, сондай-ақ активтерді алу-табыстау актілерімен дәлелденеді.

10-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларының 17 тармағы бұзылып, 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру

барысында 114 «Негізгі құралдар» жолы 12 226 286,7 мың теңгеге, ал 115 «Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар» жолы 8 957 611,8 мың теңгеге есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарға талдамалық есепке алу деректерінің ұқсастығы қамтамасыз етілмеген.

2021 жылдың желтоқсан айында негізгі қорларға түгендеу жүргізіп, олардың жалпы құны 42 123,5 мың теңге деп көрсетілген. Алайда, түгендеу тізімдемесіне бухгалтерлік баланста және Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтамада көрсетілген негізгі құралдар кірмеген.

11-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларының 19 тармағы бұзылып, 2021 жылы Орал қаласының құрылыс бөлімінде түгендеу жүргізу барысында, құқық белгілейтін құжаттардың болуын, объектілер бойынша мемлекеттік мекеменің балансында есептелгендерді табуды жүргізбеген.

Жекелеген аяқталған объектілерді басқа мемлекеттік мекемелерге және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне беру кезінде негізгі құралдардың құны оларға жүргізілген нақты шығындардың толық шамасында айқындалмаған.

12-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 248 және 272 тармақтары бұзылып, негізгі құралдардың объектісі алғаш танылған кезде, аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетілмей, мақсатына қарай жұмыс қалпына келтіру үшін жағдай дайындауға тура жататын шығындар есепке алынбаған. Нәтижесінде, 2021 жылғы қаржылық есептіліктің **51 788,1 мың теңгеге** бұрмалануына әкелін соқты.

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 2019 жылғы 4 мамырдағы №2713-19-00-2/711 шешіміне сәйкес, Құрылыс бөлімінің «Строительная компания «АзияТехСтрой» ЖШС-н 9 309,1 мың теңгеге кепілдік міндеттемелерді өндіріп алу туралы талап-арызы қанағаттандырылған. Алайда, құрылыс бөлімімен заңды күшіне енген сот шешімінің барына қарамастан, мемлекет пайдасына өндірілуге жататын 9 309,1 мың теңгені дебиторлық берешек ретінде танылмаған. Батыс Қазақстан облысы әділет департаментінің «Орал қаласының сот актілерін орындау жөніндегі №1 аумақтық бөлімі» филиалының 2022 жылғы 9 маусымдағы №8-3802 хатына сәйкес, аталған сомадан 3 659,7 мың теңгесі қалған.

13-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 114 тармағы бұзылып, 3 659,7 мың теңге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек ретінде танылмаған. Нәтижесінде, 2021 жылғы қаржылық есептіліктің **3 659,7 мың теңгеге** бұрмалануына әкеліп соқты.

2021 жылдың желтоқсан айында, қазынашылық департаментімен 68,6 мың теңгеге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарын аударуға ұсынылған төлемге берілген шот орындаусыз қайтарылған. Жылдың аяғына дейін

бұл сома аударылмауына байланысты, кредиторлық берешек қалыптасқан, алайда құрылыс бөлімінің 2021 жылғы бухгалтерлік балансында аталған сома көрсетілмеген.

14-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларының 17 тармағы бұзылып, 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру барысында 6,8 мың теңгеге, есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарға талдамалық есепке алу деректерінің ұқсастығы қамтамасыз етілмеген. Нәтижесінде, 2021 жылғы қаржылық есептіліктің **6,8 мың теңгеге** бұрмалануына әкеліп соқты.

Құрылыс бөлімінің 2021 жылғы қаржылық қызметтің нәтижелері туралы шоғырландырылған есептілігінде шығыстар көлемі 59 802,5 мың теңгені құраған. Алайда, «Басты-журнал» кітабындағы жазбаларға сәйкес, 2021 жылы 7010, 7040, 7060, 7080, 7110, 7140, 7150 шоттарында дебет бойынша айналымдар сомасы 61 315,6 мың теңгені, айырмасы 1 513,1 мың теңгені құрады. Оның сыртында, үш дебитор-заңды тұлғалардың таратылуына байланысты 38 398,9 мың теңге сомасына дебиторлық берешек есептен шығарылуға тиіс еді.

15-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларының 17 тармағы бұзылып, 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру барысында 39 912,0 мың теңгеге, есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарға талдамалық есепке алу деректерінің ұқсастығы қамтамасыз етілмеген. Нәтижесінде, 2021 жылғы қаржылық есептіліктің **39 912,0 мың теңгеге** бұрмалануына әкеліп соқты.

16-тармақ. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 5 қосымшасы түсіндірме жазбаны толтыру барысында төмендегі кемшіліктерді жатқызуға болады: қорларды бағалау әдістері бойынша ақпаратты ашпау, аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар бойынша сипаттама берілмеген, ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша сипаттама берілмеген, өзге де кірістердің көзі ашылмаған.

Жалпы алғанда, 2021 жылғы бухгалтерлік баланста есепті кезең басындағы сальдо 21 226 904,5 мың теңге құжатпен расталмайды (оның ішінде негізгі құралдар -12 232 888,3 мың теңге, аяқталмаған құрылыс -8 957 611,8 мың теңге, дебиторлық берешек -36 404,4 мың теңге), бұл өз кезегінде баланс валютасының 60,9% құрайды және қаржылық есептілік үшін мәнді болып табылады. Пікір білдіруге негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемені алу мүмкіндігінің болмауына байланысты пікір білдіруден бас тарта отырып, аудиторлық есеп берілді.

«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

17-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларының 38 тармағы бұзылып, 38,6 мың теңгені құрайтын қатаң есептілік бланктерінің қалдықтары 630 «Қатаң есептілік бланктері» жолында көрсетілмей, есесіне 020 «Қорлар» жолында көрсетілген.

Аудит барысында, Орал қаласы қаржы бөлімінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №337-К бұйрығына сәйкес, «БҚО жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ теңгерімінен «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ теңгеріміне, мүгедектерге арналған жалпы құны 15 217,4 мың теңгені құрайтын 18 дана электр жетегі бар кресло-арбалар өтеусіз берілген. Негізгі құралдарды алу-табыстау актісі 2020 жылғы 11 желтоқсанда жасақталған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелерінің 3-қосымшасына сәйкес, «Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидалары» бекітілген (*әрі қарай- Мүгедекті оңалту қағидалары*).

Аталған Мүгедекті оңалту қағидаларына сәйкес, алушының тегін, туған күнін, мекенжайын, берілген күнін көрсете отырып және алушының қолын қойғызып, аталған кресло-арбалар тізім бойынша 1 топ мүгедектеріне үлестірілген (үлестіру журналында жазылған). Ауыстыру мерзімі оларды алған күннен бастап 4 жылдан ерте емес. Мүгедектерге кресло-арбаларды беру әлеуметтік қызметтерді көрсету немесе мемлекеттік сатып алу порталдары арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарына сәйкес, мүгедектерге арналған кресло-арбалар өндіріс көлігіне жатады және 2350 «Көлік құралдары» шотында есепте тұрады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелерінің 3-қосымшасының 9 тармағына сәйкес мүгедектерге берілген кресло-арбаларды сату және басқа адамға беруге жатпайды.

№393 қағидалардың 264 тармағына сәйкес, Тозуды біркелкі есептеу әдісін қолдану кезінде негізгі құралдардың амортизациясын есептеу мынадай тәсілдермен жүргізіледі:

- 1) амортизацияның белгіленген нормаларын пайдалана отырып;
- 2) пайдалы қолданудың белгілі бір мерзімін пайдалана отырып.

Осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтері бойынша жылдық тозу нормалары белгіленеді, және өндірістік көліктің жылдық тозу нормасы бастапқы құнына 20% мөлшерінде белгіленген.

№393 қағидалардың 259 тармағына сәкес, негізгі құралдардың амортизациясы ай сайын есептеледі. Сатып алынған негізгі құралдардың амортизациясын есептеу айдан кейінгі айдың 1-і күнінен бастап жүргізіледі.

18-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 264 тармағы бұзылып, 2021 жылы жалпы құны 15 217,4 мың теңгені құрайтын кресло-арбаларға **3 043,5 мың теңге көлемінде** тозу сомасы есептелмеген.

Аталған кресло-арбалар мүгедектерге берілгендігін атап өткен жөн. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңында мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру және теңгерімнен шығару тәртіптері қарастырылған. Алайда, аталған Заңда баланс ұстаушының негізгі құралдарын жеке тұлғаларға беру кезінде есептен шығару тәртібі реттелмеген.

Сондай-ақ, «Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидалары» және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары арасында кресло-арбаларды ауыстыру мерзімдерінде айырмашылықтар бар (алған күннен бастап 4 жылдан ерте емес) және толық тозығы жету мерзімі (5 жыл).

Жоғарыда баяндалғандар негізінде осы нормативтік-құқықтық актілерге мемлекеттік мүлікті кейіннен баланс ұстаушының балансынан шығара отырып, жеке тұлғаларға беру тәртібі бөлігінде, сондай-ақ өндірістік көлікті (кресло-арбаларды) пайдалану мерзімдері бөлігінде тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет деп санаймыз.

Жалпы алғанда, тексеру қорытындысымен қаржылық есептілікке аталған бұзушылықтардың әсерін қоспағанда, қаржылық есептілік барлық маңызды қатынастарда Жұмыспен қамту бөлімінің қаржылық жағдайын көрсетеді.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Орал қаласының құрылыс бөлімі мен Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жүргізілген үстеме тексерулер нәтижесінде анықталған бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік заңнамасының бұзылуына жол берген тұлғалардың әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін БҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне материалдар жолданды (2022 жылғы 22 маусымдағы №5.2-12/650 және 2022 жылғы 28 маусымдағы №5.2-12/678 хаттар).

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзу фактілері бойынша келесі тұлғалар: бұрмаланған қаржылық есептілікті жасағаны үшін Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238

бабы 1 тармағы бойынша Орал қаласының құрылыс бөлімі сектор меңгерушісінің міндетін атқарушы Л.Т.Кыдырова, сондай-ақ Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі А.Р.Аяшева әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Аудиторлық іс-шара нәтижесінде анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 32 865 457,3 мың теңгені құрады, олар қаржылық бұзушылықтар болып табылады және есепке алу бойынша қалпына келтіруге жатады, сондай-ақ 10 рәсімдік бұзушылық және 1 кемшілік анықталды.

Орал қаласының құрылыс бөлімінде жүргізілген үстеме тексеру барысында төмендегідей бұзушылықтар анықталды: бас бухгалтер атқаратын лауазымынан босатылған кезде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалған бас бухгалтерге істерді тапсыру жүргізілмеген; «-1 818,3 мың теңге» сомасына операциялар бастапқы құжаттардың түпнұсқаларына сайма-сай келмейді; қаржылық есептіліктің мүдделі тұлғаларды ұйымдардың қаржылық жағдайы туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етілмеген, сондай-ақ қаржылық есептіліктің «орындылық» сапалық сипаттамасы орындалмаған; активтерді есепке алу шоттары дұрыс жүргізілмеген; қорларға, дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысуларға түгендеу жүргізілмеген; қаржылық есептілік оқиғаларды бағалауға, олардың өткен бағаларын растауға немесе түзетуге көмектеспейді. Нәтижесінде, 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 38 398,9 мың теңгеге бұрмалануына әкеліп соқты; «Негізгі құралдар» жолы 12 226 286,7 мың теңгеге, ал «Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар» 8 957 611,8 мың теңгеге есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарға талдамалық есепке алу деректерінің ұқсастығы қамтамасыз етілмеген; түгендеу жүргізу барысында, құқық белгілейтін құжаттардың болуын, объектілер бойынша мемлекеттік мекеменің балансында есептелгендерді табуды жүргізбеген; негізгі құралдардың объектісі алғаш танылған кезде, аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетілмей, мақсатына қарай жұмыс қалпына келтіру үшін жағдай дайындауға тура жататын шығындар есепке алынбаған. Нәтижесінде, 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 51 788,1 мың теңгеге бұрмалануына әкеліп соқты; 3 659,7 мың теңге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек ретінде танылмаған. Нәтижесінде, 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 3 659,7 мың теңгеге бұрмалануына әкеліп соқты; 6,8 мың теңгеге, есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарға талдамалық есепке алу деректерінің ұқсастығы қамтамасыз етілмеген. Нәтижесінде, 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 6,8 мың теңгеге бұрмалануына әкеліп соқты; 39 912,0 мың теңгеге, есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарға талдамалық есепке алу деректерінің ұқсастығы қамтамасыз етілмеген. Нәтижесінде, 2021 жылғы қаржылық есептіліктің 39 912,0 мың теңгеге бұрмалануына әкеліп соқты; түсіндірме жазбаны толтыру барысында қорларды бағалау әдістері бойынша

ақпаратты аспаған, аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар бойынша сипаттама берілмеген, ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша сипаттама берілмеген, өзге де кірістердің көзі ашылмаған.

Жалпы, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 133 827,3 мың теңгеге бұрмалануына жол берілген.

Сонымен қатар, құрылыс бөлімінің қаржылық есептілігінде 2300 «Негізгі құралдар» шоты бойынша 12 226 286,7 мың теңгеге, 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шоты бойынша 8 957 611,8 мың теңгеге және 2200 «Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек» шоты бойынша 36 404,4 мың теңгеге бастапқы құжаттардың түпнұсқаларымен расталмайды. Ішкі бақылау құралдарының төмен деңгейі байқалады (бухгалтерлік есеп шоттарына түгендеу жүргізу сияқты және т.б.), бұл өз кезегінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте жүргізілген шығыс операцияларын дұрыс көрсетпеуге әкеліп соққан. Пікір білдіруден бас тарту үшін негіз болып табылатын осы мән-жайлардың маңыздылығы салдарынан, пікір білдіру үшін тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу мүмкіндігі болмады, сәйкесінше құрылыс бөлімінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дұрыстығы туралы пікір білдірілмейді.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі: 38,6 мың теңгені құрайтын қатаң есептілік бланктерінің қалдықтары 630 «Қатаң есептілік бланктері» жолында көрсетілмей, есесіне 020 «Қорлар» жолында көрсетілген; жалпы құны 15 217,4 мың теңгені құрайтын кресло-арбаларға 3 043,5 мың теңге көлемінде тозу сомасы есептелмеген.

Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде 32 728 586,5 мың теңгені құрайтын ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларын есепке алмауы Орал қаласының шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аталған сомаға бұрмалануына әкеліп соқты. Өз кезегінде, Орал қаласының қаржы бөлімі бюджеттік заңнамаға сәйкес, бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және бюджеттің атқарылуы жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін үйлестіру бөлігінде уәкілетті орган ретінде тиісті бақылау орнатпаған.

Орал қаласының шоғырландырылған қаржылық есептілігінің бұрмалануына жол берілген сома 32 865 457,3 мың теңге есепті кезеңнің соңындағы баланс валютасының 21,2% құрайды. Баланс валютасы 154 528 891,0 мың теңгеге тең.

Бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қызметкерлерінің өз функционалдық міндеттерін тиісінше орындамауы болып табылады, лауазымды тұлғалардың біліктілігінің жеткіліксіз деңгейі, басшылық тарапынан қызметкерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауын тиісті бақылауды қамтамасыз етпеу.

Аудит қолданыстағы заңнаманың анықталған бұзушылықтарын экстраполяциялады, оның нәтижелері бойынша мәнділік деңгейінен асып кету анықталды. Мәнділік деңгейі шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық көрсеткіштеріне баланс валютасының 2% мөлшерінде белгіленді және 3 090 577,8 мың теңгені құрады.

Бұрмалаулардың жалпы сомасы мәнділік деңгейінен асатынын ескере отырып, біз «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес, Орал қаласының 2021 жылғы жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне – қаржылық есептілік жөніндегі ескертпесі бар аудиторлық есеп қабылдадық.

Пікір:

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілікке ескертпесі бар пікір білдіруге негіздемені қамтитын тармақта жазылған мән-жайлардың әсерін қоспағанда, Орал қаласының қаржылық есептілігі 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайды, 2021 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес бүкіл елеулі аспектілерде анық көрсетеді.

Түсіндірме параграф: құрылыс бөлімінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің түсіндірме жазбасында қорларды бағалау әдістері бойынша ақпарат толық ашылмаған, аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар бойынша сипаттама берілмеген, ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша сипаттама берілмеген, өзге де кірістердің көзі ашылмаған.

Назар аударуды талап ететін өзге де мәселелер:

Қаржылық есептіліктің анықтығы туралы пікірді өзгертпей, біз мынадай ақпаратқа назар аударамыз:

Құрылыс бөлімінің негізгі қызметі қала аумағында құрылыс саласында саясат жүргізу болып табылатындығын ескере отырып, бухгалтерлік баланста көрсетілген негізгі құралдар, аяқталмаған құрылыс, сондай-ақ дебиторлық берешек сомаларын растаудың мүмкін еместігі осы бағыттағы әлсіз жұмысты сипаттайды.

Сонымен қатар, аудит барысында 2022 жылғы 26 мамырдағы жағдай бойынша E.gov.kz порталынан аудит объектісінің Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама алынды. Аталған анықтамаға сәйкес, Орал қаласының құрылыс бөліміне Орал қаласының аумағында орналасқан 388 нысан көлемінде жылжымайтын мүлікке құқық тіркелді (соның ішінде пайдалану құқығындағы жер учаскелері, инженерлік желілер, көп пәтерлі тұрғын үйлер, тұрғын үйлердегі пәтерлер және т.б.). Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, бұл мәселе бөлім басшылығы тарапынан назар аударуды талап етеді.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне бағынысты «Зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы» КММ жанында «Теп Когам» орталығы қызмет жасайды.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Батыс Қазақстан облысы әкімінің атына 2020 жылғы 24 тамызда №5889 хат жолдап, онда 2021-2023 жылдарға бюджетті қалыптастыру барысында «Теп Когам» орталығын ашу мүмкіндіктерін қарастыру ұсынылған, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс орналастыру арқылы.

Алайда, аталған Орталықты ашу үшін 7 қызметкерден тұратын тұрақты штат алынған, олар жалға алынған үй-жайда орналасқан, бұл мемлекеттік бюджет үшін қосымша шығындарды талап етеді.

Жоғарыда баяндалған мәселелер Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшылығы тарапынан назар аударуды талап етеді.

Аудит барысында, Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне 2022 жылғы 30 мамыр күні №8-10/519 хат жолданып, БҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен олардың қаржылық есептілігіне жүргізген мемлекеттік аудит нәтижесінде дайындалған 2022 жылғы 6 мамырдағы аудиторлық есептің көшірмесі сұратылған. Аудиторлық есептің көшірмесі 2022 жылғы 31 мамырдағы № 2.1-18/2562 хатпен ұсынылды.

Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит 2021 жылдың 1 қаңтар – 31 желтоқсан кезеңін қамтыған, 2021 жылдың 21 шілде – 2022 жылдың 6 мамыр аралығында жүргізілген.

Мемлекеттік аудит нәтижесінде 2 789 517,4 мың теңгеге бұзушылықтар анықталған, оның ішінде қалпына келтіруге жататын қаржылық бұзушылықтар 2 741 895,2 тыс. теңге, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 47 622,2 мың теңге құрап, қаржылық есептіліктің бұрмалануына септігін тигізген.

Аталған Бөлімде мемлекеттік аудитті жүргізген аудиторлардың пікірінше, 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілік Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларына сәйкес, Бөлімнің қаржылық жағдайдын және қаржылық қызметінің нәтижелерін барлық елеулі аспектілерде дұрыс көрсетпейді.

Нәтижесінде, БҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің аудиторларымен қаржылық есептілікке ескертпесі бар пікір білдірілген аудиторлық есеп берілген. Сонымен қатар, аталған Бөлімнің қаржы және мемлекеттік сатып алу сектор менгерушісінің міндетін атқарушы Р.Баделов Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, қысқартылған іс жүргізудің негіздерін басшылыққа ала отырып 2022 жылғы 8 маусым күні 306,3 мың теңге айыппұл төледі.

Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде анықталған бұзушылықтар, Орал қаласының 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің бұрмалануына септігін тигізді.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының отырысында Орал қаласының 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындыларын қарауды ұсынамын;

2. Бухгалтерлік есеп және әлеуметтік қорғау салаларындағы қолданыстағы

заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне тиісті ұсынымдарды жолдау ұсынылады.

3.4. Қосымша: мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 4 парақта, аудит объектілері қалпына келтірген және өтелген қаражат жөніндегі ақпарат 1 парақта.

**Батыс Қазақстан облысы бойынша
Тексеру комиссиясының мүшесі**



К. Алпысбаев

**№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудиторы,
топ жетекшісі**



Е. Гумаров

**Сапаны бақылау және құқықтық
қамтамасыз ету бөлімінің басшысы**



Ж. Кадыров

Бас инспектор-заңгер



А.Сибатова